Нөмірі: KZ00VDC00049347
Күні: 02.06.2016

"ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУДЫ РЕТТЕУ БАСҚАРМАСЫ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "УПРАВЛЕНИЕ ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ И РЕГУЛИРОВАНИЯ ПРИРОДОПОЛЬЗОВАНИЯ ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ"

ҚОРЫТЫНДЫ

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

_____ №_____

Шымкент қаласы

город Шымкент

«Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» Республикалық ислам діни бірлестігі

«ОҚО, Сарыағаш ауданы, Біртілек ауылдық округі, Димитров елді мекені, Ақбидай көшесі, №20 мекенжайында мешіт құрылысын салу» жұмыс жобасына мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы

Жұмыс жобасы «ТехноЭкспортЦентр» ЖШС-мен (мемлекеттік құрылыс лицензиясы №0006976, 30.06.2011ж.), «Қоршаған ортаға әсерін бағалау» бөлімі жеке кәсіпкер Г.Баймахановамен (Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 20Б) әзірленді.

Тапсырысшы – «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислам діни бірлестігі (050016, Алматы қаласы, Пушкин көшесі, №12).

Мемлекеттік экологиялық сараптама қарауына төмендегі материалдар ұсынылды:

- 16.05.2016ж. №30 сәулет-жоспарлау тапсырмасы;
- жұмыс жобасы;
- «Қоршаған ортаға әсерін бағалау» бөлімі.

ҚР Экологиялық кодексінің 40 бабына сәйкес объект IV санатқа жатады.

Материал қарастырылуға 25.05.2016ж. түсті, кіріс № 07/887.

Жалпы мәліметтер

Құрылыс алаңшасы ОҚО, Сарыағаш ауданы, Біртілек ауылдық округі, Димитров елді мекені, Ақбидай көшесі, №20 мекенжайында орналасқан. Жер учаскесінің жалпы ауданы 0,299га құрайды, аумағы солтүстігінде – бос жермен, қалған жақтарында – жолмен шектеседі. Учаске құрылыстан бос, жобаға сәйкес аумағына мешіт ғимаратының, бастырма, қазандық, әжетхана және автотұрақтың құрылысын салу қарастырылған.

Жобаланған мешіт ғимараты – бірқабатты, тік бұрышты, сыртқы өлшемдері 13,0х15,0м, 2 бүйірінен биіктігі 19,5м 2 мұнара жапсарлай салынады. Мешіт ғимаратында кіре беріс, имам кабинеті, намаз залы, кіші намаз залы қарастырылған. Аула әжетханасы 5 орындық, дәрет алу бөлмесімен және көлемі 64м^3 шұңқырымен жобаланған, өлшемдері 4,4х9,9м. Мешітті жылумен қамтамасыз ету үшін сұйық отынмен жұмыс істейтін TURBO-30R маркалы қазандығы пайдаланылады. Дизельдік отынның жылдық шығыны 12,63 тоннаны құрайды, максималды шығыны – 3,655кг/сағ. Қазандық жылдың суық мезгілдерінде тәулік бойына үзіліссіз 180 күн (4320 сағ./жыл) жұмыс істейді. Шығарындылар биіктігі 8м, диаметрі 100мм құбыр арқылы шығарылады. Дизельдік отын сыйымдылығы 250л резервуарда сақталады.

Мешітті сумен қамтамасыз ету көзі ретінде ауылдық су құбырлары пайдаланылады, лас сулар түзілмейді. Аула әжетханасы сыйымдылығы 64м^3 бетондалған шұңқырмен жабдықталған.

Қоршаған ортаға әсерін бағалау

Атмосфералық ауаға әсері. Атмосфералық ауаға әсер мешіт құрылысы және оны пайдалану барысында орын алады. Құрылыс жұмыстары кезіндегі ластау көздеріне құрылыс материалдарын арту-түсіру, дәнекерлеу, полиэтилен құбырларды жалғау, бетондау, бояу-сырлау және т.б. жұмыстар, құрылыс техникасының жұмыстары жатады. Шығарындылар ұйымдастырылмаған және қысқа мерзімді сипатта болады. «Кәсіпорындардың шығарындыларындағы зиянды заттардың атмосфералық ауадағы шоғырлануын есептеу әдістемесінің» 5.21 тармағына сәйкес сейілу есебі қажет етілмейді.

Тұрақты көздерден шығатын нормаланатын ластаушы зат шығарындыларының көлемі төмендегідей:

Ластағыш заттардың атауы	Шығарындылар	
	г/с	т/жыл
Темір (II, III)) оксиді	0,000342	0,001036
Марганец және оның қосындылары	0,0000606	0,0001834
Фторлы газтәріздес қосындылар	0,000014	0,0000424
Көміртек оксиді	0,000000694	0,000000225
Хлорэтилен	0,000000301	0,0000000975
Диметилбензол	0,003688	0,01114
Уайт-спирит	0,00215	0,0065
Жүзгін заттар	0,002141	0,006472
С12-19 шектелген көмірсутектер	0,00546	0,057099
Бейорганикалық тозаң: 70-20 % кремнийі бар	0,008417	0,037374
Барлығы:	0,022273595	0,1198471225

Мешіт ғимаратын пайдалану кезінде атмосфералық ауаға ластаушы заттар қазандықтан және дизельдік отын сақтау резервуарынан бөлінеді. Ластаушы заттардың шығарындылары төмендегідей:

Ластаушы заттар атауы	Шығарындылар	
	г/с	т/жыл
Азот диоксиді	0,00211	0,0263
Азот оксиді	0,000343	0,00428
Көміртек	0,000254	0,00316
Күкірт диоксиді	0,00597	0,0743
Күкіртсутек	0,000007	0,00000109
Көміртек оксиді	0,0141	0,1756
С12-19 шектелген көмірсутектер	0,002493	0,000388
Барлығы:	0,025277	0,28402909

Ластаушы заттардың сейілу есебі қажет етілмейді. Осы жобадағы ластаушы заттардың шығарындылары жол беруге болатын шекті шығарындылар нормативтері ретінде ұсынылады.

Су көздеріне әсері. Жоспарланған құрылыс жұмыстарын жүргізу және салынған объектіні пайдалану кезінде жер үсті, жер асты суларына кері әсері байқалмайды. Жер асты сулары 10 метрден аса тереңдікте орналасқан.

Өндіріс және тұтыну қалдықтары. Түзілетін қалдықтардың көлемі мен құрамы төмендегі кестеде:

Қалдықтар атауы	Қауіптілік деңгейі	Көлемі, т/жылына	Уақытша сақталу орны	Өндіріс қалдықтарын төгу орны
Құрылыс кезінде				
Қатты тұрмыстық қалдықтар	GO060	1,5	контейнер	қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына әкетіледі
Бояудан босаған қаңылтыр ыдыстар	GA090	0,00143217	жәшік	метал қабылдайтын мекемелерге тапсырылады
Дәнекерлеу электродтарының қалдықтары	GA090	0,00159	арнайы алаңша	-//-
Қатты пластмасса қалдықтары	GH011	0.0	арнайы жәшік	зарарсыздандыру кәсіпорындарына өткізіледі

Пайдалану кезінде				
Қатты тұрмыстық қалдықтар	GO060	0,758	контейнер	қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына әкетіледі
Жарамсыз люминесценттік шамдар	AA100	0,001314	арнайы жәшік	зарарсыздандыру кәсіпорындарына өткізіледі

Құрылыс қоқыстарының (GG170) нақты көлемі іс жүзіндегі түзілген көлемімен анықталады. Аталған қалдықтар арнайы алаңшаға жиналып, қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына шығарылады.

Жер қабаты мен топыраққа әсері. Құрылыс жұмыстары топырақтың құнарлы қабатын сақтай отырып жүргізіледі. Құрылыс аяқталған соң мешіт аумағы көгалдандырылып, абаттандырылады.

Тұжырым

«ОҚО, Сарыағаш ауданы, Біртілек ауылдық округі, Димитров елді мекені, Ақбидай көшесі, №20 мекенжайында мешіт құрылысын салу» жұмыс жобасы **келісіледі.**

Сарапшылық бөлімшесінің басшысы **Г.Ермекбаева**

Смағұл А.
ЭРБ-нің бас маманы

Бөлімнің басшысы Ермекбаева Гульнара